

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 29 қыркүйектегі N 969 қаулысына толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 30 қыркүйек N 1500. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2000.03.13. N 383 қаулысымен. ~P000383

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Заңды тұлғалардың түсті және қара металдардың сынықтары мен қалдықтарын жинау (дайындау), сақтау, өңдеу және сату жөніндегі қызметін лицензиялаудың тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 29 қыркүйектегі N 969 P980969_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1998 ж., N 34, 313-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

аталған қаулымен бекітілген Заңды тұлғалардың түсті және қара металл сынықтары мен қалдықтарын жинау (дайындау), сақтау, өңдеу және сату жөніндегі қызметті лицензиялаудың тәртібінде:

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"Лицензия түсті және қара металл сынықтары мен қалдықтарын қабылдау пунктiнiң (пункттерiнiң) орналасқан жерi көрсетiле отырып бiр данада ресiмделедi";

7-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Лицензия беру туралы өтiнiште өтiнiш берушi түсті және қара металл

сынықтары мен қалдықтарын қабылдау пунктiнiң (пункттерiнiң) нақты орналасқан жерiн көрсетуге мiндеттi.";

16-тармақ мынадай мазмұндағы 5) және 6) тармақшалармен толықтырылсын:

"5) Осы Тәртіптің 5-тарауының шарттарына сәйкес келуі тиіс, Лицензияда көрсетілген, дайындау пункттеріндегі қызметті жүзеге асыру;

6) жаңа дайындау пунктi (пункттерi) ашылғанға дейiн Лицензиарға заңмен талап етiлетiн құжаттарды табыс ету";

17-тармақтың 2) тармақшасындағы "және жеке" деген сөздер алынып тасталсын.

2. Осы қаулы жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Оқығандар:

Қобдалиева Н.М.

Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК